



АЛҒАШҚЫ АСТАНАНЫҢ ЖАҢА КЕЛБЕТІ

Сұлу Сырдың жағасын жайлаған Қызылорданың алған асуы айтарлықтай. Күн санап көркейіп келеді. Жыл санап жанаратыны тағы бар. Бұрын-соңды бетіне тұзы шығып, ақ сорға айналған иен даланы көз алдыңызға келтіретін даңғыл жолдың бойында да көкке өрлеген теректер пайда болды. Быыл астана болғанына ғасыр толған қаланың күн санап жасарып, жайнап келе жатқаны қуантады. Шаһардың тынысының кеңейіп, бойына қан жүгіргенін қала әкімі Нұржан Ахатовпен жүздесуде тағы бір көз жеткіздік. Алты айдағы ауқымды тірлікті баян еткен шаһар басшысы алда атқарар мың сан шаруаның бар екенін айтты.

2-3-беттерде



«Ақмешіт» қолжазғы

ҚЫЗЫҚ КӘСІП



Соңғы жылдары табиғи өнімге, соның ішінде балға деген сұраныс артып келеді. Алайда омарташы болу екінің бірінің қолынан келе бермейтін іс. Себебі бұл тіршілік несін баптау оңай емес. Осы орайда жастайынан омарташылықты кәсіп еткен Қалмырза Бижанмен сұхбаттасудың сәті түсті.

Қалмырза БИЖАН, омарташы:

АРАЛАР ДА АУЫРАДЫ

– Бұл кәсіпке қалай келдіңіз?
– Жеті жылдан бері омарташылықпен айналысып келемін. Нағашы атам осы кәсіпті 30 жылдан бері жүргізіп келеді. Жастайымнан сол кісінің жанында жүріп, ара бағып, тәжірибе жинадым. Уақыт өте келе, кәсіпке айналдырдым. Қазір Қызылорда қаласының өзінде екі бал дүкеніміз жұмыс істейді. Бұйырса, үшіншісін ашуға дайындалып жатырмыз.
– Ара өсірудің қандай қиындығы мен жауапкершілігі бар?
– Әр істің өз қиындығы бар. Ал көбі ара шағады деп бұл кәсіптен қорқақтайды. Араның шағуы қалыпты жағдай. Бірақ ара шағады екен деп қорқудың қажеті жоқ. Күтім дұрыс болса, олар да тыныш болады. Ең қиыны ауа райының әсері мен шегірткеге қарсы қолданылатын ұдың зияны бал арасына кері әсерін тигізетіні рас. Аралар да ауырады. Мұның бәріне мұқият болу қажет. Яғни бұл тек кәсіп көзі ғана емес, жан-тәңіміңмен берілуді талап ететін жұмыс.

4-БЕТТЕ

МӘСЕЛЕ



МАМАНДЫҚ ТАҢДАУ ЖИНАҒАН БАЛЛҒА ТӘУЕЛДІ МЕ?

Жыл сайын мыңдаған қазақстандық түлек мектеп бітіріп, жаңа өмірге қадам басады. Бұл – тек аттестат алатын кез емес, сонымен қатар мамандық таңдайтын, маңызды шешім қабылдайтын шақ. Түлек алдында «қай мамандықты таңдаймын, қай оқу орнына түсе аламын?» деген сауал тұрады. Бұл сұрақтарға жауап көбіне ҰБТ-дан жинаған баллмен тығыз байланысты болып жатады. Соңғы жылдары мамандық таңдауда баллдың шешуші рөл атқаратыны жиі айтылып жүр. Жоғары балл грантка түсуге мүмкіндік, ал төмен балл ақылы оқуға немесе өзіне ұнамайтын басқа саланы таңдауға итермелеуі мүмкін. Сонда түлектің қызығушылығы мен өмірлік мақсаты не болмақ?
«Адам өз өмірінде екі нәрседен: біреуі – жар таңдауда, екіншісі – мамандық таңдаудан қателеспей

керек» дегендей, мамандық таңдау күрделі әрі жауапты іс. Сондықтан бұл таңдауда жүрек қалауымен қатар, ақылдың да салмағы болуы шарт. Алайда қазіргі білім жүйесі мен қоғамдағы сұраныс осы таңдаудың еркіндігін шектеп тұрғандай. Себебі соңғы жылдары талапкерлердің мамандық таңдауы көбіне ҰБТ-дан алған баллға тәуелді болып отыр. Көптеген жас түлек арманындағы емес, ұпайы жететін мамандықты таңдауға мәжбүр. Бұл, әсіресе, мемлекеттік білім грантына иек артатын жастар үшін таңдау еркіндігінің жоқтығын көрсетеді. Айта кету керек, 2025 жылы республика бойынша 75 мыңнан астам грант бөлінгенімен, оған таласушылардың саны бірнеше есе артық. Бұл өз кезегінде бәсекелестікті күшейтіп отыр.

4-БЕТТЕ


СҰХБАТ

«Qosyl» атауымен танымал қалалық жастар ресурстық орталығы бүгінде тынымсыз еңбек етуде. Жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастырып, олардың мәселелерін бірге талқылап, көмек көрсетіп, түйгінді мәселенің түйінін бірге тарқатып келеді. Орайы келгенде «Qosyl» қалалық жастар орталығының директоры Медет Жорабекпен сұхбаттасудың сәті түсті.

Медет ЖОРАБЕК, қалалық жастар
ресурстық орталығының директоры:

ЖАСТАР ТАЛҒАМЫНА САЙ БОЛСАҚ ДЕЙМІЗ


– Қызылорда қалалық жастар ресурстық орталығының басты мақсаты қандай? Сапаға, әлде санға жұмыс істейсіздер ме?
– Әрине, ең алдымен біз жастардың дұрыс жолмен жүріп, білім алып, еңбек етуіне ықпал етуге тырысамыз. Біз үшін саннан, сапа маңызды. Заман талабына сай бағыт-бағдар беріп, дұрыс жол сілтеу біздің басты міндетіміз деп білемін. Бастысы, жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру. Сонымен қатар орталықта әлеуметтік көмек те көрсетіледі. Біздің есіміз жастар үшін әрдайым ашық. Кез келген жас келіп, кеңес алуға болады. Қоғамда қалыптасып қалған «жұрт не дейді?» деген пікір жастардың қоғамнан тыс қалуына әкеліп соқтырады. Осы себепті жастар өз ойын ашық жеткізе алмай, ішкі мәселелерін бүгін, қоғамнан шет қалып жатады. Біз осының алдын алу үшін барлық жағдайды жасаудамыз. 14-35 жас аралығындағы кез келген жас орталыққа келіп, тегін кеңес ала алады. Тіпті, әртүрлі үйірмелеріміз де бар. Алдын ала жазылу арқылы бос уақытын пайдалы өткізуге болады.
– Үйірмелер туралы толығырақ айтып өтсеңіз...
– Қазіргі таңда орталықта «Qosyl kenes», «Qosyl sport», «Qosyl acoustic», «Qosyl game», «Qosyl dance», «Jumys bar» сынды жобалар жұмыс істейді. Мысалы, «Qosyl kenes» бағыты аясында мемлекеттік бағдарламалар туралы түсіндіру жұмыстары онлайн және офлайн форматта жүргізіледі. Сонымен қатар «Бос жұмыс



орындары» жәрменкесі де іске қосылған. Арнайы кеңесші мамандар жастарға мемлекеттік бағдарламалардың тиімді тұстарын түсіндіріп, жұмыссыздарға бос жұмыс орындарын ұсынады. «Qosyl sport» – жастарды спортқа баулуды мақсат ететін жобаның бірі. Мамандар жастардың дұрыс тамақтанбауы мен қозғалыстың аздығы денсаулыққа кері әсерін тигізетінін айтуда. Біз осыны ескеріп, жастар үшін түрлі марафондар мен эстафеталар ұйымдастырамыз. Нәтижесінде жастардың спортқа деген қызығушылығы артып, салауатты өмір салтына бет бұра бастайды. «Qosyl acoustic» – заманауи композиторлар мен жас әншілердің алаңы. Мұнда жанды дауыста ән шырқалады. Тыңдарман үшін де, орындаушы үшін де өнер сүйер қауымның өзіндік ортасы қалыптасқан. Көптеген жас талант осы алаңда өз жұлдызын жақты. Ал «Qosyl game» – логикалық, стратегиялық заманауи ойындарды қамтиды. Мысалы, «монополия», «мафия», «UNO» секілді ойындар арқылы жастардың қызығушылығын арттырамыз. Сондай-ақ «Qosyl dance» биге құштар жастарға арналған. Заманауи бағыттағы би үйірмесі орталықтағы арнайы би залында өткізіледі. Барлығы тегін, тек алдын ала жазылу керек. Жұмыссыздық та өз шешімін таппақ. Енді, міне, «Jumys bar» жобасы әлеуметтік желі арқылы бос жұмыс орындарын жариялайды. Бұл тек жұмыс іздеушілерге ғана емес, жұмыс берушілерге де тиімді.

4-БЕТТЕ

Басы 1-бетте



АЛҒАШҚЫ АСТАНАНЫҢ

ОҢ СЕРПІН БАР

Бюджеттің бүйірі томпайса, қуанамыз. Күрмеуі қиын түйткілдердің тарқауына ең әуелі ниет пен қаражат керек. Ниет болғанмен, кейде қаржы тапшылығы да қолбайлау болады. Өнердің кеніші, руханият ордасы деп айдар тағылған Қызылордаға кейінгі жылдары серпінді даму да серік болған сыңайлы. Сыр шаһарының әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерінде өсім қалыптасып, мемлекеттік бағдарламалар мен инвестициялық жобалар сәтті іске асырылуда.

— Жыл басында өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Қызылорда өңірінде жүзеге асқан маңызды жобаларға ерекше тоқталып, макроэкономикалық көрсеткіштердің оң серпінін атап өтті. Бұл жетістіктер — ел Президентінің нақты тапсырмаларының, Үкіметтің жүйелі қолдауының, облыс басшысының ұтымды үйлестіруінің, ең бастысы, жерлестеріміздің ауызбіршілігі мен ортақ жауапкершілігінің айқын көрінісі, — деді қала әкімі Нұржан Ахатов.

Жоғарыда қаржы қазаны жайлы айтып өттік. Ресми дереккөзге жүгінісек, 2025 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша облыс бюджеті 790,4 млрд теңгеге жетіп, небәрі екі жылда 2,5 есеге артқан. Бұл — даму қарқынының нақты дәлелі. Ал соның ішінде Қызылорда қаласының бюджеті жыл басында 73,1 млрд теңге болып бекітілсе, жартыжылдық қорытындысымен 144,7 млрд теңгеге жетіп, екі есеге артты.

— Қаржы көлемін ұлғайту мақсатында кәсіпкерлік және басқа да жылжымайтын мүлік нысандарына қайта бағалау жүргізіп, олардың құнын 10 есеге дейін арттыру, жер және мүліктердің нысаналық мақсаттарын кәсіпкерлікке ауыстыру шаралары секілді жұмыстар жүзеге асуда. Мысал ретінде, бастапқы құны 1,4 млрд теңгені құрайтын 16 кәсіптік нысанға қайта бағалау жүргізіліп, нәтижесінде 4,7 млрд теңгені құрады. Сәйкесінше олардың мүлік салығы 11,3 млн теңгеден 45,3 млн теңгеге ұлғайып, қосымша 34 млн теңге түсім күтілуде.

Нәтижесімен жыл басынан бюджетке қосымша, яғни жоспардан бөлек 1,2 млрд теңгеге жуық түсім түсіріліп, жыл аяғына дейін қосымша 2 млрд теңге түсім күтілуде. Алдағы уақытта қала аумағында жоспарға сәйкес 800-ге жуық нысан қайта бағаланатын болады, — деді қала әкімі.

Ашығын айту керек, аймақ басшысының тегеурінді талабы мен тың бастамаларының нәтижесінде облыс көлемінде барлық салада өсім қалыптасты. Аймақтың негізгі капиталына 295,1 млрд теңге инвестиция тартылып, өсім 121,5 пайызды құрады. Құрылыс жұмыстарының көлемі 144,5 пайызға жоғарылады. Оның ішінде, өңдеу өнеркәсібі — 117,2 пайызға, тұрғын үй — 106,0 пайызға, ауыл шаруашылығы — 102,8 пайызға, сауда — 104,2 пайызға артты. Бұл өсімдерде облыс орталығы Қызылорда қаласының қомақты үлесі бар екенін атап өткен жөн.

— Мәселен, 2025 жылғы 1 шілдеге қаламыздың негізгі капиталына салынған инвестиция 147,5 млрд теңгені құрап, 129,3 пайызға артты. Құрылыс жұмыстарының көлемі 59,3 млрд теңгеге жетіп, 158,2 пайызға өсті. Өңдеу өнеркәсібі — 103,7 пайызға, тұрғын үй — 104,9 пайызға, ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы өнім көлемі 2,5 млрд теңгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда 104,3 пайыз болды. Ал бөлшек сауда көлемі 214,5 млрд теңгені құрап, 104,4 пайызға көтерілді, — деді Нұржан Сәбитұлы.

КӘСІПТІ ҚОЛДАУ —
БАСТЫ НАЗАРДА

Кәсіпкерлігі өркен жайған елдің қай салада да көш бастайтыны анық. Қызылорда қаласында бұл салаға ерекше мән берілген. Кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту бағытында нақты нәтижелерге негізделген жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Мемлекеттік бағдарламалар мен қаржылық қолдаулар арқылы тұрғындардың іскерлік белсенділігі артып, кәсіпкерлік көкжиегі кеңеюде.

— Атап айтқанда, жалпы құны 5,8 млрд теңге болатын 124 жоба субсидияланып, «Өнiрлiк инвестициялық

орталық» арқылы өнеркәсіп саласының 7 жобасы 293,5 млн теңгеге қаржыландырылды. Бұл өз кезегінде қала кәсіпкерлерінің санын 35 мыңнан (2024 ж 1 шілдесіне - 33799), ал жұмыспен қамтылғандар санын 63 мыңнан (2024 ж 1 шілдесіне - 65247) асыруға ықпал етті. Шағын және орта бизнес саласында 176,6 млрд теңгеге өнім өндіріліп, өнiрлiк экономикаға елеулi үлес қосылды. Аймағымыздың экономикасын әртараптандыру арқылы жоғары өнімді, экспортқа бағдарланған шикізаттық емес өңдеу өнеркәсібін құруға бағытталған жұмыстар кезең-кезеңімен атқарылуда. Қаламызда алдағы бесжылдықта құны 467,1 млрд теңгені құрайтын 28 инвестициялық жобаны жүзеге асыру, 4,5 мыңнан астам тұрақты жұмыс орнын ашу көзделуде, — деді қала әкімі.

ЖАҢА ҚАДАМ

Өнеркәсіп өндірісі қай кезде де ел экономикасына елеулі үлес қосады. Өткен жылдан бері шаһарда шағын өнеркәсіптік аймақтар құру үшін жүйелі жұмыс жүргізілуде. Быыл сол жағалауда жалпы құны 1,05 млрд теңгені құрайтын екі шағын өнеркәсіптік аймақ іске қосылуда. «Тұмар» ЖК мен «Технонастка-Ремсервис» ЖШС базасында азық-түлік, кондитерлік, сүт өнімдері өндірісі жолға қойылды. Ал «Қызылорда-нан» ЖШС 3,8 млрд теңгеге кондитерлік және макарон өнімдерін өндіретін кешен салып жатыр. «RemPlastInvest» (Рем Пласт Инвест) ЖШС жылына 5,4 мың тонна қағаз өнімін шығаратын зауыттың құрылысын жүргізуде. Мұның қай-қайсысы да жарқын болашаққа бастайтын іргелі жоба. Таяуда ғана Сыр шаһарында өткен «Қызылорда — Ұлттық Урбан Форумы 2025» халықаралық форумы да аймақ дамуының алғышарты екені даусыз.

— Форум жұмысына біріккен ұлттар ұйымының UN-Habitat (УН-Хабитат) ұйымы, Қазақстандағы біріккен ұлттар тұрақты үйлестірушісі,

Парламент депутаттары, орталық мемлекеттік органдар, еліміздің барлық өңірлерінің өкілдері, халықаралық және ұлттық сарапшылар қатысты. Мұндай ауқымды шараның Қызылордада өткізілуі — қаламыздың урбанизация саласындағы әлеуетін, даму бағытын халықаралық деңгейде танытуға үлкен мүмкіндік.

Форум аясында экологиялық тепе-теңдік, қалааларды ақылды басқару, инклюзивті әрі климатқа төзімді инфрақұрылым қалыптастыру, тұрғындардың өмір сапасын арттыру мәселелері талқыланды. Бұл — жай ғана пікір алмасу алаңы емес, нақты шешімдерге бастайтын стратегиялық платформа.

Осы орайда облыс әкімі, Экология және табиғи ресурстар министрі, Парламент Мәжілісінің депутаттарының қатысуымен құны 34,5 млрд теңге болатын, Оңтүстік Корея технологиясына негізделген қатты тұрмыстық қалдықтарды сұрыптау және өңдеу зауытының құрылысы басталды. I кезеңде 9,5 млрд теңгеге қолданыстағы полигон жаңғыртылып, жылдық қуаттылығы 300 мың тонна болатын сұрыптау кешені салынады. Полигонның қабылдау қуаты 60 мыңнан 300 мың тоннаға дейін ұлғайтылады. Ал II кезеңде 25 млрд теңге қаралады, — деді өңір дамуын тілге тиек еткен қала басшысы.

ЖАҢА ЖОБАЛАР

Сырда серпін алған ауқымды жобалар қай уақытта да өзінің тиімділігін көрсетіп келеді. Таяуда ғана 5 млрд теңгеге салынған «Қызылорда Саз-М» кірпіш зауыты іске қосылып, алғашқы өнімін шығарды. Зауыт жылына 90 млн кірпіш өндіреді, 70 адам жұмыспен қамтылды. Мұндай бастаманың әрбір аймақ дамуының қарқын барынша мүмкіндік сыйламақ.



— Ірі жобалар қатарында — «Seven Rivers Bottlers» ЖШС-нің 30,4 млрд теңгеге шыны ыдыс шығаратын зауыты. Қуаттылығы — жылына 240 млн дана. Тағы бір маңызды жоба — испаниялық «Rosa Group» компаниясымен бірлескен санитарлық-техникалық жабдықтар шығаратын зауыт. Инвестиция көлемі — 70 млн еуро. Бұл жоба аясында 300 жаңа жұмыс орны ашылады деп жоспарлануда. Бұл бастамалар — экологияны жақсарту, өндірістік қалдықтарды тиімді басқару және жасыл экономиканы қалыптастыру жолындағы нақты әрі нәтижелі қадам, — деді Н.Ахатов.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ АЙМАҚ
ӨНІР ДАМУЫНА СЕРПІН БЕРДІ

Мамыр айында Сырдағы ағайынға сүйіншілеген тағы бір жаңалық елдің үмітін еселеген еді. Ол араға отыз жыл салып, қайта түлген «Қорқыт ата» экономикалық аймағының қолға алынуы.

— Өрине, бұл — маңызы жоғары жоба. Үкімет қаулысымен облыс орталығында көлемі 550 гектар болатын жаңа арнайы «Қорқыт ата» экономикалық аймағы пайда болды. Авиацияға қызмет көрсету — 50 гектар, көтерме-бөлшек сауда және қоймалау — 100 гектар, өнеркәсіптік аймақ — 400 гектар болып бөлінді. 2049 жылға дейін бұл аймаққа тартылатын инвестиция көлемі 156 млрд теңгеге, оның ішінде шетелдік капитал 88 млрд теңгеге дейін жетеді. Өндірілетін тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің көлемі 527,1 млрд теңге болады деп жоспарлануда.

Экономикалық аймақ аумағында арнайы құқықтық режим әрекет етеді, бұл салықтық және кедендік жеңілдіктерді қамтиды. Инвесторлар үшін қолайлы жағдайлар жасап, өнiрлiк экономикалық дамуына серпін береді. Айта кету қажет, қалада бұған дейін де 1996 жылы арнайы экономикалық аймақ болған (1996 жылы 8 қазанда Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығы). Араға 30 жыл салып облыс әкімінің қажырлы еңбегінің арқасында осындай тарихи сәтке куә болып отырмыз, — деді Нұржан Сәбитұлы.


Ауыл шаруашылығында да бірегей әрі ірі жобалар бар. Быыл қалаға қарасты елді мекендерде 8695 гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары егілді. Оның ішінде негізгі дақыл күріштің көлемі өткен жылдан 400 гектарға кем егілді. Десек те шаруашылықтарға мемлекет тарапынан қолдау жетерлік.

— Көктемгі дала жұмыстарына 154 дана ауылшаруашылығы техникасы жұмылдырылды. Мемлекет тарапынан 269,5 тонна

арзандатылған дизель отыны бөлінді. 3278 тонна тынайтқыш және 3025 литр гербицид сатып алынды. Бұл салада да ірі жобалар іске асуда, — деді қала әкімі Нұржан Ахатов.

Бүгінде қала аумағында «Қызылорда Құрылыс НК» ЖШС Қосшыңырау ауылдық округінің Жезказған жолы аумағында құны 7,5 млрд теңгеге 800 басқа арналған тауарлы сүт фермасын, «СК Сапа КЗ» ЖШС-нің Саяхат шағын ауданынан жоба құны 2 млрд теңгені құрайтын 1500 тонналық көкөніс сақтау қоймасын, «Агро балық МА» Ақсуат ауылдық округінен 180 млн тт тұрағын өндірісті және «Бал Али» кәсіпкерлігі Қызылжарма ауылдық округінен 400 млн теңге тұратын балық шаруашылығын дамыту және балық өсіру жобасын іске асыруда.

Шаһарда жұмыссыздық деңгейін төмендетуге байланысты да атқарылып жатқан қыруар іс бар. Быыл 4652 жаңа жұмыс орны құрылды. Жаңа бизнес-идеяларды іске асыру бойынша 233 адамға мемлекеттік грант берілді. Жыл басынан бері 7 рет «Бос жұмыс орындары» жәрмеңкесі өткізіліп, 1589 бос жұмыс орны ұсынылды.



ЖАҢА КЕЛБЕТІ

БАСПАНА ЖАЙЫ

Өрине, халықтың басты мәселесінің бірі – баспана. Бұл ретте Қызылорда тұрғын үй турасында қарқынды құрылыс алаңына айналған. Жыл басынан бері пәтер кезегінде тұрған халықтың әлеуметтік осал топтарына 120 баспана табысталды. Биыл бюджеттен тұрғын үй құрылысы мен жеке салушылардан дайын пәтер сатып алу жалғасады. Сырдария өзенінің сол жағалауында бес кабатты 10 тұрғын үйдің құрылысына облыстық және қалалық бюджеттерден 2 млрд 886,4 млн теңге бөлінді. Халықтың әлеуметтік осал топтары үшін коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үй сатып алуға 37,1 млрд теңге несие бөлінді.

– Қазіргі есеп бойынша қаламызда 75 тұрғын үй апаттық деп танылған. Аталған санат бойынша тұрғын үй алу кезегінде 617 отбасы тіркеуде тұр. Жыл басынан тұрғын үйлері апатты деп танылған отбасыларға 135 пәтер табысталды. Алдағы уақытта да коммуналдық тұрғын үй қорынан бұл санатқа тұрғын үй салу жалғаса бермек. Осылайша апатты үйлер мәселесін кезек-кезеңімен шешеміз, – деді шаһар басшысы.

Өңірде «Сүмен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту» бағдарламасы аясында құны 9 млрд 27 млн теңгеге құрайтын 15 жоба жүзеге асырылуда. «Ауыл – ел бесігі» жобасы да елді дамытуға үлкен себін тигізгі тұр. Аталған жоба шеңберінде жалпы құны 2 млрд 282 млн теңгеге қалаға қарасты 6 елді мекенде жана қоныстанған аумақтарда электр желілерінің құрылысы салынып, тозығы жеткен электр желілері қайта жаңғыртылуда.

– Халық игілігі жолындағы шаруаларымыздың бірі – елді мекендерді толық газ желісімен қамту. «Көгілдір отын» тарту мақсатында 3,1 млрд теңгеге Сабаалақ саяжайын, 331,8 млн теңгеге қалада газ желісі жүргізілмей қалып қойған шағын аудандарды газдандыру іске асуда. Сонымен қатар Қызылөзек және Қызылжарма ауылдық округтерінің елді мекендерінде газ құбырын тарту жұмыстарының жоба-сметалық құжаттамаларын, сараптама қорытындысымен әзірлеуге 43,1 млн теңге қаралды. Бұл бағыттағы жұмыс та қызу жүруде, – деді Нұржан Ахатов.

ДАҢҒЫЛ ЖОЛДАР

Қызылордада тұрғын үй құрылысынан кейін үздіксіз жүріп жатқан процестің бірі – жол-көлік инфрақұрылымын дамыту. Бұл – тек жол қатынасын жақсарту ғана емес, сонымен қатар қаланың экономикалық қарқынын, әлеуметтік келбетін, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттырудың маңызды тетігі. Қызылорда қаласында бұл бағытта жүйелі әрі ауқымды жұмыстар атқарылып келеді.

– Қалада 2025 жылы көлік инфрақұрылымын дамытуға 23,2 млрд теңге бөлініп, ұзындығы 61,9 шақырымды құрайтын 64 жоба жүзеге асуда. Облыс орталығының негізгі көшесінің бірі «Тәуелсіздікке – 25 жыл» даңғылын жаңғырту жалпы екі кезеңнен тұрады. Қазір бірінші кезеңі толық аяқталды. Екінші кезеңі Әбілқайыр хан көшесінен Саламатов көшесіне дейін Сырдария өзенінің қорғаныш бөгетін бекітмен қатар құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Жаңа жол түскенде көлік ағынын реттеуге мол мүмкіндік тұмақ. Мұнан бөлек, шет аймақтардағы 17 көшеде күрделі жөндеу жүргізілуде, – деді қала әкімі.

Ашығын айту керек, қазір қаладағы жол жөндеу жұмыстарына көз тіккен жүргізушілер «қашан бітер екен?» деп мойнын созып жүр. Өйтсе де сапалы құрылыс әбден тексеруден өткізіліп, уақытпен санаспай істелетінінде екенін ұмыт қалдырамыз. Қызылорда қаласынан Шилелі бағытына шығар жолдағы аспалы көпір құрылысы да қарқынды жүруде. Бұл іске 1,4 млрд теңге қаржы қаралған.

– Қалада мұндай жұмыстар жетерлік. Қала мен Тасбөгет кентін байланыстыратын Қызылжарма каналының үстінен өтетін автожол көпірі пайдалануға берілді. Қызылөзек ауылдық округіндегі «Қожақ каналы» арқылы өтетін көпір жөндеуде. Сондай-ақ Жанқожа батыр көшесі бойымен өтетін темір жол асты өткелінің құрылысы жүзеге асырылуда. Бір айта кетерлігі, қазір қалада автокөлік саны көбейген. Бүгінде 81 мыңнан астам көлік тіркелген. Кейінгі үш жыл ішінде 6 мың автокөлік қосылды. Осыған орай, жол желісін кеңейту, қауіпсіздік пен өткізу қабілетін арттыру стратегиялық басымдық екені даусыз, – деді қала әкімі Нұржан Ахатов өзекті мәселені тілге тиек етіп.

Қала көшелерінде асем көрініске көз тояды. Жаяу жүргіншілер жолы мен жарықтандыруы түнгі қаланың келбетіне айырықша сән береді тұр. Биыл қала аумағында 24,8 шақырым жаяу жүргіншілер

жолы салынып, 42 көше жарықтандырылады. Тұрғындардың өтініші де аяқсыз қалып жатқан жоқ. Тұрғындардың сұранысына сәйкес 30 көпқабатты тұрғын үйдің шатырына ағымдағы жөндеу жұмыстары жүруде. Сонымен қатар көпқабатты 20 үйдің қасбеті жаңалануда.

– Қаладағы көпқабатты 18 тұрғын үйдің ауаларын абаттандыруға және ойын алаңдарын салуға қалалық бюджеттен 1,3 млрд теңге қаржы бөлінді. Оның ішінде, 19 шағын футбол алаңы, 25 жаттығу алаңы, 21 балалар ойын алаңы, 15 аулаішілік шаруашылық алаңы мен 13 демалыс орны қарастырылған. Ал қаланы көгалдандыру жұмыстары бағытында мемлекеттік-жекешелік әріптестік аясында жаңа механизм енгізілді. Әріптестік аясында қала аумағын көгалдандыру және абаттандырумен «Kaz Stroy Capital Kyzylorda» мекемесі айналысуда, – деді шаһар басшысы.

Айтпақшы, бүгінде аталған мекемемен 5 жылға жалпы құны 18,6 млрд теңгеге құрайтын жоба бойынша келісім шартқа отырған. Мұның бір артықшылығы, бір жыл ішінде мекеме түкке үлгермеуі мүмкін. Алайда бес жылдағы жұмыс нәтижелі болуы үшін көпжылдық гүл егеді және суару жүйесін өміршең етіп жасайды.

Мекеме құрамында 250 қызметкер жұмыс атқарады, ал техникалық жабдықтауы 50 бірлік заманауи техникамен қамтамасыз етілген. Бұл қатарда су тасығыш көліктер, электрлік шаңсорғыштар және түрлі арнайы техника бар. Жұмыс екі ауысым бойынша, күндізгі және түнгі ауысымда жүргізілуде. Бүгінгі күні қала аумағында 46 мыңға жуық тал көшеті мен 800 мың дана біржылдық гүлдер (петуния, виола, тагетис және т.б.), 13 мың 500 дана көпжылдық гүл көшеті отырғызылды. Одан бөлек, 10 мың шаршы метрден аса алаңға көгал (газон) төселді.

– «Hunter» технологиясына негізделген автоматты суару жүйесі енгізілді. Оған 45 шақырымнан астам құбыр тартылып, 5 мыңнан астам спринклер мен ротор орнатылды, 25 дана ұңғыма мен насос станциялары салынды. Қала аумағында 992 гектар жерде жасыл белдеу құру жобасы басталды. 2030 жылға дейін 2,5 млн ағаш отырғызып, тұқымбақтар мен зертхана салу жоспарлануда, – деді Нұржан Ахатов.

БІЛІМДІ ҚОЛДАУ

Өңірде білім саласына да қолдау жеткілікті. Балалардың сапалы білім алуына, қабілеттерін жеткілікті деңгейде дамытуына жағдай жасалған. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында Сырдарияның сол жағалауынан 900 және Ақмаржан ықшам ауданынан 300 орындық екі мектеп пайдалануға берілді.

– Елімізде алғашқылардың бірі болып есігін айқара ашқан білім ордасы балаларымызға теңдессіз тарту болды. Биыл дәл осындай заманауи үш мектеп тамыз айында табысталады деп жоспарлануда. Жарқын жобалар қатарын физика-математика бағытындағы лицей-интернаты толықтырды. Бұл іргелі нысан жақында ғана пайдалануға берілді. Ал «Саутс Ойл» компаниясының демеушілігімен 4 млрд 800 млн теңгеге салынған музыкалық колледж және балалар мен жасөспірімдердің шығармашылығын шыңдау мақсатындағы құны 11 млрд теңге болатын «Сыр жұлдыздары» шығармашылық-инновациялық академиясы пайдалануға берілді, – деді қала әкімі.

ЖАҢАРҒАН ҚАЛА

Бүгінде компаниялардың демеушілігімен көптеген жобалар жүзеге асуда. Мәселен, сол жағалауда «Қазақстан халқына» қорының қолдауымен дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы жүру-

де. Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына орай «Қазатомпром» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының қолдауымен 3 млрд 800 млн теңгеге «Достық үйінің» жаңа ғимараты салынууда. Мұның барлығы елге болсын деген игі бастамалардың жемісі.

– Спорт саласында да алар асуымыз жетерлік. Қызылорданың спорт орталығына айналар күні алыс емес. Өйткені спортты жанына серік еткен қызылордалықтардың қатары артып келеді. Бұл, әрине, қуантады. Ол үшін де барлық жағдай жасалуда. Облыс әкімінің бастамасымен халықаралық стандарттарға сәйкес 11 мың орындық Орталық стадион құрылысы аяқталуда жакындаса, 19

млрд теңгеге «Қызылорда Арена» көпбейінді спорт кешенінің құрылысы қарқын алды. Мәдениет тақырыбында тарихымызды түгендеп, руханиятымызды арттырып келеміз. Құны 2 млрд 300 млн теңгеге облыстық тарихи-өлкетану музейі ел игілігіне табысталды. Қаламыздың Бейбарыс сұлтан көшесі мен Назарбаев даңғылы қиылысында «Көрме залы» орталығының құрылысы жүруде. Орталық тарихи-өлкетану музейінің заманауи этно-мәдени үлгідегі көрме залдарын жасау – музей ішіндегі экспозициялық бөлікті жаңғырту, ғылыми зерттеу бағытын күшейту, аймақтың туристік әлеуетін арттыруға бағытталған, – деді шаһар басшысы.

Мұндай ауыз толтырып айтарлық жетістік денсаулық сақтау саласында да бар. Аймақ басшысының шешімімен өңірдегі денсаулық сақтау саласы қызметкерлеріне арнап 100 пәтерлік тұрғын үй салынууда. Қазір бір ауысымда 100 келушіге арналған емхана, онкологиялық бөлімшесі бар 300 орындық көпбейінді аурухананың құрылысы қарқынды жүруде. Жеке инвестиция арқылы жылына 3,5 мың адам қабылдайтын «ОрхунМедикал» медицина орталығы тамыз айында ашылады деп жоспарлануда. Ал жаңа жылу электр станциясы – ең ірі жобалардың бірі.

– Мемлекет басшысының, Үкіметтің тікелей қолдауымен, облыс әкімінің иығестіруімен 215 млрд теңгеге қуаттылығы 240 мегаватты құрайтын жаңа жылу электр орталығының құрылысы жүруде. Инвестор – «АксаЭнерджи» түрік компаниясы. Жаңа жылу-электр станциясы – мемлекетімізде инвестор қаржысына салынып жатқан ең ауқымды, теңдессіз жобалардың бірі. Осы күні жұмыстың 80 пайызы еңсерілді. Нысан қыркүйек айында пайдалануға беріледі. Жаңа станция облыс орталығын жылумен, аймақты электр энергиясымен толық қамтамасыз ететін болады. Өндірілген электр энергиясының артылған бөлігін өзге өңірлерге сатуға мүмкіндік мол, – деді Нұржан Сәбитұлы.

Алты айдағы ауыз толтырып айтарлық жемісті жобаларды әңгімеге арқау еткен қала әкімі биыл Қызылорданың астана болғанына 100 жыл толуы да атаусыз қалмайтынын айтты. Қазақ тарихындағы айтулы датаға байланысты жоспар да жетерлік.

– Жақында «Тарихтың таңбасы, рухтың ордасы – Қызылорда» атты облыстық өнер байқауы өтті. Бұл байқаудың бас жүлдесін Сырдария ауданы жеңіп алды. Алдағы уақытта «Қызылорданың астаналық кезеңі» тақырыбында дөңгелек үстел, «Көктем нұры» оқушылар айтысы, архив қоры құжаттарынан «Ғасырлық тарихтың күзсі – қазыналы мекен», «Үш дәуірдің астанасы – Қызылорда» тақырыптарында жылжымалы көрме, спорттық шаралар, «Алаштың астанасы – Қызылорда» атты брей-ринг секілді мәдени-көпшілік шаралар ұйымдастырылады. Естелік болып қалар дүниенің бірі – «Қызылорда – Алаштың жүрегінде» атты тарихтанымдық кітап шығарылуда. Кітап төрт бөлімнен тұрады. Онда тарихи оқиғалар және Қызылорда қаласының 100 жылдық жылнамасы, шежірелі фотосуреттер, бейнесождеттер қамтылған, – деді қала әкімі.

Қала әкімі Мемлекет басшысының келесі құрылтай отырысы Сыр елінде өтеді деген ұсынысы біз үшін зор мәртебе екенін жеткізді. Бұл үлкен іске осы сәттен дайындық басталып кеткен.

Сырдағы серпінді істер жетерлік. Біз оның тек бір бөлігіне ғана қалам тербедік. Даму даңғылындағы қаланың әлі де алар асуы алда. Алаштың анасы атанған аймақтағы іргелі істерде әрбір қызылордалықтың үлесі бар. Оны шаһар басшысының «Біз бірге әлі талай биікті бағындырамыз» деген сөзінен аңғаруға болады.

Аян СПАНДИЯР



«ПАЙДА ОЙЛАМА, АР ОЙЛА...»

АБАЙ
ҚҰНАНБАЕВ – 180

ОТЫЗ ЕКІНШІ СӨЗ

Білім-ғылым үйренбекке талап қылушыларға әуел білмек керек. Талаптың өзінің біраз шарттары бар. Оларды білмек керек. Оларды білмей, іздегенмен табылмас.

Әуел – білім-ғылым табылса, дүниенің бір қызықты нәрсесіне де керек болар еді деп іздемекке керек. Оның үшін білім-ғылымның өзіне ғана құмар, ынтық болып, бір ғана білімдіктің өзін дәулет білсең, һәм әр білмегеніңді білген уақытта көңілде бір рахат хұзур хасил болады. Сол рахат білгеніңді берік ұстап, білмегеніңді тағы да сондай білсем екен деп үміттенген құмар, махаббат пайда болады. Сонда әрбір естігеніңді, көргеніңді көңілің жақсы ұғып, анық өз суретімен ішке жайғастырып алады.

Егер дін көңілің өзге нәрседі болса, білім-ғылымды бірақ соған себеп қана қылмақ үшін үйренсең, ондай білімге көңіліңнің мейірімі, асырап алған шеңнің мейірімі секілді болады. Адам көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де мейірленеді, тезірек қолға түседі. Шала мейір шала байқайды.

Екінші – ғылымды үйренгенде, ақиқат максатпен білмек үшін үйренбек керек. Бахасқа бола үйренбе, азырақ бахас көңіліңді пысықтаңдырмақ үшін залал да емес, көбірек бахас адамды түземек түгіл, бұзады. Оның себебі әрбір бахасшыл адам хақты шығармақ үшін ғана бахас қылмайды, жеңбек үшін бахас қылады. Ондай бахас хасудшілікті зорайтады, адамшылықты зорайтпайды. Балкім азайтады. Және максаты ғылымдағы максат болмайды, адамды шатастырып, жалған сөзге жеңдірмекші болады. Мұндай қиял өзі де бұзықтарда болады. Жүз тура жолдағыларды шатастырушы кісі бір қисық жолдағы кісіні түзеткен кісіден садаға кетсін! Бахас – өзі де ғылымның бір жолы, бірақ оған хирслану жарамайды. Егер хирсланса, өз сөзімішіл гурурулық, мақтаншақтық, хүсідшілік бойын жеңсе, ондай кісі адам бойына қорлық келтіретұғын өтіріктен де, өсектен де, ұрыс-төбелесуден де қашық болмайды.

Үшінші – әр хақиқатқа тырысып иждиһатыңмен көзін жетсе, соны тұт, өлсең айрылма! Егерде ондай білгендігің өзіңді жеңе алмаса, кімге пұл болады? Өзің құрметтемеген нәрсеге бөтеннен кайтпн құрмет күтесің?

Төртінші – білім-ғылымды көбейтуге екі қару бар адамның ішінде: бірі – мұлахаза, екінші – мұхафаза. Бұл екі қуатты зорайту жаһатінде болмақ керек. Бұлар зораймай, ғылым зораймайды.

Бесінші – осы сөздің он тоғызыншы бабында жазылған ақыл кеселі деген төрт нәрсе бар. Содан қашық болу керек. Соның ішінде уайымсыз салғырттық деген бір нәрсе бар зинаһр, жаным, соған бек сақ бол, әсіресе! Әуел құданың, екінші – халықтың, үшінші – дәулеттің, төртінші – ғибраттың, бесінші – ақылдың, ардың бәрінің дұшпаны ол. Ар бар жерде бұлар болмайды.

Алтыншы – ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыты бар. Сол мінез бұзылмасын! Көрсө қызарлықпен, жеңілдікпен, я біреудің орынсыз сөзіне, я бір кез келген қызыққа шайқалып қала берсең, мінездің беріктігі бұзылады. Онан соң оқып үйреніп те пайда жоқ. Қоярға орны жоқ болған соң, оларды қайда сақтайсың? Қылам дегенін қыларлық, тұрам дегенінде тұрарлық мінезде азғырылмайтын ақылды, арды сақтарлық беріктігі, қайраты бар болсын! Бұл бір ақыл үшін, ар үшін болсын!

МАМАНДЫҚ ТАҢДАУ ЖИНАҒАН БАЛҒА ТӘУЕЛДІ МЕ?

«Балл қай мамандыққа жетсе, соны оқисың». Бұл – қазіргі көп ата-ананың ұстанымы. Ал түлектің бала күнгі арманы, ішкі бейімі мен шығармашылық әлеуеті екінші орынға ысырылып қалады. Осы жағдай жыл сайын қайталанып, өз ісін сүймейтін, тіпті жұмыс таба алмай қиналатын жастардың қатарын арттыруда. Көптеген студент 1-2 курста өз мамандығына деген қызығушылықтың жоқ екенін сезініп, басқа салаға кетуге тырысады. Кейбірі оқуын тастап кетсе, енді бірі университет бітірсе де, мүлде басқа салада жұмыс істеуге мәжбүр болады. Бұл – мамандық таңдауда баллдың ғана шешуші фактор болуының салдары.

Педагогика ғылымдарының магистрі, ҰБТ expertі, профориентолог-маман Меруерт Сәрсенова түлек өзі таңдаған мамандыққа сай балл жинауы керек екенін айтады.

– Қазіргі таңда мамандық таңдауда екі фактор бар, жинаған балл мен баланың бейімі, бұл екеуі де маңызды. Алайда көп жағдайда шешуші рөлді ҰБТ нәтижесі атқарады. Себебі жоғары оқу орындарына қабылдау конкурстық негізде жүзеге асады. Дегенмен баланың қызығушылығы мен қабілеті ұзақ мерзімді табыс пен мамандығына деген қанағаттанушылықтың басты кепілі. Егер талапкер жиналған балына қарай өзі қаламаған мамандықты таңдаса, кейін ол саладан алшақтап кетуі әбден мүмкін. Сондықтан ең дұрыс жол баланың бейімін ерте анықтап, сол бағыттағы білім ордасына түсу үшін максатты түрде балл жинауға дайындалу керек, – дейді ол.

Ресми дерекке сәйкес 2025 жылғы негізгі ҰБТ-да 210 мың талапкер тест тапсырған, ал барлығы 381 мың рет тестілеу өткізілген. Бұл бір талапкердің кем дегенде екі рет сынақ тапсыруға тырысқанын көрсетеді. Талапкерлердің 76%-ы шекті балл жинады. Орташа балл – 69 (бес пән бойынша). Ең жоғары балл – 140. Ерекше білім беру қажеттілігі бар 681 талапкер қатысқан. ҰБТ кезінде ереже бұзғандар саны да аз болмаған. Жалпы ереже бұзғаны үшін 711 талапкердің нәтижесі жойылған. 326 адам тыйым салынған заттарды алып өткені үшін тест тапсыру құқығынан айырылды. 380 адам ереже бұзып, тестілеу залынан шығарылса, 5 адамның нәтижесі бейнежазбалар арқылы жойылған. Бұл тек техникалық себептермен ұтылғандар. Ал енді шекті баллдан аса алмай қалған үміткерлер ше? Кей түлектің жүрек қалауы мен ҰБТ-дан жинаған балы қабілетін жатады. Бірақ бұл арманнан бас тартудың себебі болмауы керек.

Балл жетпеген жағдайда да үміт үзудің қажеті жоқ. Таңдаған мамандыққа жетудің бірнеше балама жолы бар:

Ақылы негізде оқу: мемлекеттік грантка ілікпеген жағдайда, көп оқу орындары талапкерлерді ақылы бөлімге қабылдайды. Егер студент жоғары нәтиже көрсетсе, кейін ішкі грант немесе түрлі жеңілдіктерге қол жеткізуі мүмкін.

Колледж арқылы жоғары оқу орнына қол ашу: қалаған саласына сәйкес колледжге түсіп, оны аяқтаған соң ЖОО-ға қысқартылған бағдарлама бойынша түсуге болады. Бұл – уақытты тиімді пайдаланып, білім алу жолын үзбей жалғастырудың бір әдісі.

Шетелдік білім алу мүмкіндіктері: кейбір шетелдік университеттер ҰБТ нәтижесін талап етпейді. Оның орнына жеке емтихандар немесе мотивациялық хат арқылы қабылдау жүргізіледі. Бұл да – заманауи талапкерлерге арналған ашық бағыттардың бірі.

Кәсіби курстар мен дағдылар: егер таңдалған сала нақты бір біліктілікке байланысты болса мысалы, IT, графикалық дизайн, тігіншілік, аспаздық, қысқа мерзімді курстар арқылы кәсіби білім алып, жұмысқа орналасуға болады.

Басы 1-бетте

Қалмырза БИЖАН, омарташы:

АРАЛАР ДА АУЫРАДЫ

– Бір омартада орта есеппен қанша ара балды?

– Менде қазіргі таңда 80 ара ұясы бар. Жыл сайын көктем келісімен жұмыс басталып кетеді. Мамыр айынан бастап бал жинау маусымы басталады. Биыл, мысалы, сауір айында араларды Жалағаш ауданындағы алма бағына апардық. Ол жақта алманың гүлінен бал алынды. Кейін Шіркейлі каналына көшіп бардық. Онда балды сүзіп, жоңышқалық алқапқа көшіт. Арамен бірге көшіп, жаңа гүл іздеп жүреміз. Бұл омарташылардың қалтқысыз тіршілігі деуге келеді.

– Жыл мезгіліне қарай аралар қандай күтімді талап етеді?

– Жазда араларды үнемі гүлдерге апарып отыру қажет. Олар өздеріне керекті нәрді гүлден жинап, бал жасайды. Біз тек сол процестің дұрыс жүруіне жағдай жасаймыз. Ал қыста араларға өздері жасаған балдың бір бөлігін қалдырамыз. Өйткені араларға да азық қажет.

– Таза балды қалай білуге болады?

– Ең дұрысы лабораториялық сараптама. Себебі қазір глюкозалық сироппен дайындалған жасанды бал көп. Ресей мен Қырғызстаннан әкелініп, табиғи өнім ретінде сатылып жатыр. Өз бетінше тану қиы. Бірақ табиғи бал уақыт өте келе қоюланып, кристалданады. Кристалдардың көлемі әртүрлі болады: ірі, орташа, ұсақ. Қатон-Қарағайдың балы, мысалы, мүлде қатпайды, ал Қызылорда балы күзге қарай қата бастайды.

Басы 1-бетте

Келесі жылы қайта тапсыру: бір жыл дайындалып, келесі жылы ҰБТ-дан жоғары балл жинауға болады, – дейді Меруерт Сәрсенова.

БИЫЛ ҚАНША ГРАНТ БӨЛІНЕДІ?

2025 жылы Қазақстандағы жоғары оқу орындарына түсу үшін 93 мың грант бөлінеді. Бұл туралы премьер-министрдің орынбасары Ермек Көшербаев үкіметтегі баспасөз мәслихатында хабарлады. Былтырғымен салыстырғанда грант саны 19 мыңға аз. 2024 жылы 112 мың грант бөлінген еді. Биыл гранттардың басым бөлігі «Инженерлік, өңдеу, құрылыс салалары» мамандықтарына бөлінген. Нақтырақ айтқанда, 18 мыңға жуық грант осы салаларға бағытталған. Сондай-ақ «Педагогикалық ғылымдарға» – 13 мың, «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» – 11 мың, «Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистикаға» 9 мың грант бөлінген.

Әрине, ҰБТ маңызды белес. Бірақ ол адамның арманын, қабілетін тұлғалық бағытын толық өлшей алмайды. Кейде жеңіс бір сәтсіздіктен кейін келеді. Мамандық таңдауда балаға бағыт-бағдар сілтейтін, кеңес беретін ата-анасы мен ұстазы. Бұл орайда тәжірибелі мамандардың пікірі де жол сілтер шамшырақ бола алады.

– Таңдау ерте басталуы керек. Болашақ мамандықты дұрыс таңдау үшін ең алдымен өз бейімдіңізді ерте анықтауға тырысыңыз. Қай істен ләззат аласыз? Қай бағытта жұмыс істегенде шаршамай, қызығушылықпен айналысасыз? Осы сұрақтарға жауап іздеңіз. Тек қана мектеп бағдарламасымен шектеліп қалмай, түрлі мамандықтар туралы жан-жақты ақпарат жинаңыз. Сол салаларда еңбек етіп жүрген жандармен сөйлесіп, тәжірибесін тыңдаған артық етпейді. Бұл – нақты таңдау жасауға сеп болады. Білім – болашаққа салынған ең сенімді инвестиция. Сондықтан ҰБТ болсын, шығармашылық емтихандар болсын, дайындықты ерте бастап, максатты түрде еңбектенген жөн. Жетістік – тұрақты дайындық пен табандылықтың жемісі. Кейде алғашқы қадам сәтсіз шығуы мүмкін. Бірақ бұл тығырық емес. Қателесуден қорықпаңыз. Өрқашан балама жолдар мен жаңа мүмкіндіктер бар екенін ұмытпаңыз. Сонымен қатар заманауи еңбек нарығында тек кәсіби білім ғана емес, жан-жақты даму да маңызды. Коммуникация, цифрлық сауаттылық, тіл білу сияқты дағдылар кез келген салада бәсекеге қабілетті болудың басты кілті, – дейді Меруерт Сәрсенова.

Сайып келгенде, жоғары балл маңызды, бірақ ол жалғыз шешуші көрсеткіш болмауы тиіс. Өкінішке, қарай бүгінде көптеген жас түлек мамандықты жүрек қалауымен емес, ҰБТ нәтижесіне қарай таңдап жатады. Бұл кейін мамандыққа қызықпауға, кәсіби тығырыққа тірелуге әкеп соғуы мүмкін. Ал мұндай таңдау баланың өмір бойғы кәсіби бағыты мен тұлғалық дамуына әсер етеді. Сондықтан мамандық таңдауда ең алдымен баланың бейімі мен қабілетіне мән беру қажет. ҰБТ-дан жинаған балл сол бағытқа жол ашатын көмекші құрал ғана екенін естен шығармаған жөн. Түлектер үшін түрлі балама мүмкіндіктердің бар екенін, ал табысқа жетудің жалғыз жолы тек грантпен шектелмейтінін түсіндіру ата-ана мен ұстаздар қауымынан да жауапкершілігі. Бүгінгі түлек – ертеңгі маман. Ол ертең қоғамға қызмет етеді, елдің дамуын алға жылжытады. Сондықтан мамандық таңдау салмақты шешім. Бұл таңдау жүрек қалауымен жасалып, ақылмен нақтыланса ғана адам өмірде өз орнын тауып, өз мамандығының нағыз маманы болады.

Нұржан НҰҒЫМАДИЛЛА



Медет ЖОРАБЕК, қалалық жастар ресурстық орталығының директоры:

ЖАСТАР ТАЛҒАМЫНА САЙ БОЛСАҚ ДЕЙМІЗ

– «Qosyl» атауы қалай пайда болды?

– Жастардың ұсынысы. Маған да ұнайды. «Қосыл» деген мағынаны береді. Бастысы, жастардың көңілінен шықты.

– Орталық жастардың сұранысына сай жабдықталған ба?

– Жастардың сұранысына сай Wi-Fi, коворкинг орталығы, спорттық секциялар, креатив фото және видео студиясы, би залы, жастар ұйымдары сияқты көптеген мүмкіндік қарастырылған. Ішке кірген сәттен бастап-ақ заманауи интерьер, жастарға арналған креативті атмосфера байқалады. Сыртта арнайы кештер өткізуге арналған кеңістік те бар. Орталықта 15 қызметкер жұмыс істейді, оның 8-і тікелей жастармен айналысады.

– Соңғы жылдары жүзеге асқан жобалар туралы айтып өтсеңіз...

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялады. Осыған орай, биыл орталықта бірнеше маңызды жоба жүзеге асуда. Соның бірі «JASTAR X» диалог алаңы. Бұл жоба аясында кәсіби бағдар беру мақсатында жұмысшы мамандық иелерімен тұрақты кездесулер өтіп тұрады. Жастар арасында тігінші, аспаз, дәнекерлеуші, тас қалаушы, elektrik сынды мамандықтар бойынша байқау ұйымдастырылды. Жеңімпаздарға ақшалай сыйлық табысталды. Сонымен қатар «Жастар арасында патриоттық сананы қалыптастыру және отбасы құндылықтарын насихаттау» жобасы іске қосылды. Бұл – отбасылық құндылықтарды дөріптеуге арналған әлеуметтік бағыттағы жоба. Ал «Волонтерлік және қоғамға пайдалы жастар» қызметі аясында жастардан құралған еріктілер тобы жұмыс істеуде. Бұл 2024 жылы басталып, қазіргі күнге дейін жастар үшін белсенді жұмыс атқарып келеді. Жыл сайынғы мәдени іс-шара – «Qyzylyorda Youth Fest» те жастар арасында үлкен қызығушылық туылады. Ал жылдың қорытынды кеші ретінде өтетін «Qosyl Premya» осы уақытқа дейінгі еңбектің бағаланатын сәті болып саналады. Мұнда мәдениет, спорт, білім, журналистика және жастар саясаты салаларында жетістікке жеткен жастар марапатталады.

– Ауыл жастарына арналған жобалар бар?

– Ауыл жастары да назардан тыс қалған емес. Пилоттық режимде қалаға қарасты ауылдық округтер мен кенттерде бір ай бойы арнайы кездесулер өтті. Ауыл әкімінің кубогы үшін футбол, волейболдан турнирлер ұйымдастырылды. Сонымен қатар түрлі интеллектуалдық сайыстар өтті. Бұл бастама ауыл жастарына тың серпін берері сөзсіз.

– Жастармен жұмыс істеу қиын емес пе?

– Жастармен жұмыс істеу оңай әрі қызық. Тек олардың тілін тауып ғана қоймай, олармен бір толқында болу керек. Қателігін бетіне баспай, керісінше қолдау көрсету маңызды. Біз сол бағытта жұмыс істеп келеміз. Күн сайын ізденісте болу қажет. Екіі көзқарастан арылу керек деп ойлаймын. Ел болашағы – жастар. Ал жастарға дұрыс бағыт-бағдар беру баршылығымыз деп санаймын.

– Сұхбатыңызға рахмет.

Басы 1-бетте

Өңгімелескен
Айдана БАХТИЯР

– Бұрынғыға қарағанда әлдеқайда жоғары. Қазір адамдар не жеп жатқанын зерттейді, сапасына мән береді. Қала ішінде дүкенімізден бөлек, басқа аймақтарға да бал жібереміз. Мысалы, батыс өңірінен жні тапсырыс түседі. Сондықтан да табиғи өнімге сұраныс әрқашан жоғары.

– Жас омарташыларға қандай кеңес бересіз?

– Қызылордада 300-ден астам омарташы бар. Біз бір-бірімізбен тығыз байланыстамыз. Жанадан бастағандарға бағыт-бағдар береміз. «YouTube»-ге арнайы канал жүргіземіз, қысқа видеолар арқылы өз тәжірибемізбен бөлісеміз. Бірақ экраннан қарап қана қоймай, тәжірибе жинау маңызды. Өзім де бұл кәсіпті бес жәшік арамен бастадым. Қазір 80 ұя бар. Бұл – еңбек пен табандылықтың жемісі. Қазіргі таңда аймақта омарташылар көбеюде. Облыс бойынша 7000-ға жуық ара ұясы бар. Ең көбі Жанакорғанда – 500 ұя, Шиеліде 400 ұя бар. Бұл көрсеткіш біздің Сыр өңірінің омарташыларының қажырлы еңбегі деп білемін.

– Аралар жайлы ел білмейтін қандай қызық ақпарат айтасыз?

– Ең қызығы, араның өмірі сұру ұзақтығы небәрі 40 күн ғана. Сол уақытта олар табиғатқа баға жетпес үлес қосады. Бір ұя – бір отбасы болып саналады. Қызығы, ұрғашы аралар ғана жұмыс істейді, олар бал жинау процесіне қатысады. Еркек аралар шақпайды да, бал да жинамайды. Тіпті араның уын медицинада қолданады. Бір ара бір күнде шамамен 7 мың гүлді аралай алады. Сондай-ақ аралар ііс суды ұнатпайды. Жалпы араны бағып-күту тек кәсіп емес, үлкен жауапкершілік.

Айдана БАХТИЯР

Меншік иесі:



жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлттан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.

«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Атқасына 2 рет, сәйкесі, сенбі күндері шығады.

Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығын автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASUS» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖДПС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 3960 Тапсырыс №1242

Нөмірдің кезекші редакторы Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА